

Қаржасова Г.Б.,

PhD докторы, доцент,

Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті

E- mail: gkb24@mail.ru

Феткулов А.Х.,

з.ғ.к., доцент,

Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті

Орынбеков А.С.

з.ғ.м., аға оқытушы,

Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті

Жасөспірімдер арасында есірткі, психотроптық заттар, сол тектестердің заңсыз айналымына қарсы күрестің кейбір мәселелері

Түйін. Мақалада жасөспірімдер арасындағы есірткі заттарды пайдаланудағы басты мәселелер талқыланады. Қазақстан Республикасында кәмелетке толмағандардың есірткі заттарды қабылдау мен оларды тарату мәселесі өрбіп тұр. Жастардың арасында есірткіге әуестік көп ретте білместіктен басталады. Есірткімен күресті ең алдымен мектеп қабырғасынан бастауымыз керек.

Жалпы еңбекте жасөспірімдер арасындағы есірткі заттарды қолданудағы мәселелердің алдын алу шаралары сипатталады.

Түйін сөздер: жасөспірімдер, есірткі заттар, нашакор, есірткінің салдары, есірткіге қарсы күрес.

Некоторые проблемы противодействия незаконному обороту наркотических средств, психотропных веществ, их аналогов среди подростков

Резюме. В статье обсуждаются ключевые вопросы употребления наркотических средств подростками. На сегодняшний день вопрос о злоупотреблении подростками наркотических средств и психотропных веществ стоит очень остро. Борьбу с наркоманией подростков нужно начинать, прежде всего, со школьной скамьи.

В целом в статье описываются меры по предупреждению проблем употребления наркотиков среди подростков.

Ключевые слова: подростки, наркотики, наркомания, последствия наркотиков, борьба с наркотиками.

Some problems of counteraction to illegal circulation of narcotic drugs, psychotropic substances, their analogs among teenagers.

Resume. The article discusses the key issues of drug use by adolescents. Today, the issue of abuse of narcotic drugs and psychotropic substances by adolescents is very acute. The fight against drug addiction of adolescents should begin, first of all, from the school bench. In General, the article describes measures to prevent problems of drug use among adolescents.

Keywords: teenagers, drugs, drug addiction, consequences of drugs, fight against drugs.

Есірткі ерте замандардан пайдаланылып келе жатқан дерт екені тарихтан белгілі. Біздің заманымызға дейінгі 2700 жылдары Қытайда анаша пайдаланылды деген дерек бар. Көкнәрді Египетте емдік және діни ғұрыптарда пайдаланғаны туралы грек тарихшысы Геродоттың да еңбектерінен кездестіруге болады. Ең алғаш рет есірткінің зиянын шығыс ғұламасы Ибн Сина жазып көрсеткен.

Көкнәрдің таралуы XIX ғасырда кеңінен етек алды. Ол үшін Англия мен Қытай арасында соғыс та болды. XX ғасырдың ортасында дамыған батыс елдерінде нашакорлық пен есірткі айналымы қауіпті жағдайға жеткізді. Бұл жағынан АҚШ бірінші орынға ие болды.

Есірткіге қарсы күрес XX ғасырдың басында халықаралық тұрғыда қаралып, арнайы құжаттармен бекітілді. 1946 жылдан бақылау Біріккен Ұлттар Ұйымының құзыретіне көшті. [1, 156 б]

Ұйым айналысуға тура келетін қылмыстардың негізгі түрлерін атап көрсету қажет. Алдымен, бұл есірткі заттар мен психотропты заттардың заңсыз айналымы. Дәл осы есірткі заттарды контрабандалық саудаға салу екінші әлемдік соғыстан кейін басқа қылмыстар ішінен бірінші орынға шықты. Мысалы, 29 қыркүйек пен 5 қазан арасында 1993 жылы Арубы астанасы Ораньестада өткен Интерполдың Бас Ассамблеясының 62 сессиясында барлық делегаттар есірткінің заңсыз айналымының өсу қаупін атап өткен. Мысалы, опиумның заңсыз өндірілуі 1992 жылы 4000 тоннадан асқан, екіншіше орай бұл сан жылдан жылға өсуде. Есірткілерді заңсыз тасымалдаудың Балкандық бағытында бұл маршрутта Грузия, Орта Азия және Ресей мемлекеттері пайда болды. Есірткілердің заңсыз айналымының жалпы көлемінде героин үлесінің көбеюі байқалады. Интерполдың бағалауынша 1992 жылдан бастап кокаинның өндірілуі екі тоннадан асатын көрсеткішті көрсетіп отырды, оның ішінде 300-400 тоннаға жуығын ғана ме мемлекеттердің құқыққорғау органдары қолға түсіре алады. [2]

Қазіргі кезде кокаинның заңсыз айналымында бұрынғына Оңтүстік Американың ұйымдасқан қылмыстық топтары, Испанияның контрабандистері және итальяндық мафия басымдық жасауда. 1993 жылы ҚР ПМ делегациясы Италияда «Балкандық жолмен» есірткіні заңсыз тасымалдау мәселелері бойынша 42 елдің халықаралық Кеңесіне қатысқандығын айтып кеткен жөн. Марихуананың үлкен бөлігі жыл сайын Шығыс Еуропа және Батыс Азияның заңсыз айналымынан алынып жатады. Интерполдың Бас секретариаты бірнеше рет бес Орта Азиялық мемлекеттердің (Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан және Туркменстан) және Ресей аумағында конопляның қаупін ерекше атаған. Бас Ассамблеяның есептерінің бірінде конопляның рекордтық көрсеткішін, яғни 13 тоннасын Өзбекстанда, сондай ақ 11 тоннасын Ресейдің заңсыз айналымынан алынғанын атайды.

Қазақстан Республикасында кәмелетке толмағандардың есірткі заттарды қолдануы мен оларды тарату мәселесі өрбіп тұр. Жасөспірімдер арасындағы есірткі заттарды пайдаланудың өсуі, заңсыз айналымы-60% дейін жетті. Аталғандардың барлығы ахуалды мәселе, қоғамдағы кемшілік болғандықтан шешуін әріден алып, мемлекеттік деңгейде қарастыруды қажет етеді. Себебі, бір адам-отбасының мүшесі, отбасы мемлекетті құраушы бөлшегінің бірі болмақ. Кәмелетке толмағандардың жалпы құқықтық мәртебесі- қоғамның тең құқықты мүшесі ретінде әрбір адамның иеленетін құқықтары, міндеттері мен заңды мүдделерінің жиынтығы болып табылады. Осы мәселені шешу барысында оны мынадай бөліктермен қарастыруға болады: 1) психологиялық тұрғыда; 2) әлеуметтік тұрғыда; 3) заң нормалары негізінде.

Жасөспірімдерді психологиялық жағынан бақылап зерттеу көп факторлы құбылыс. Енді **өмірге аяқ** басып, оңды-солды енді ажыратқан жеткіншектің отбасындағы қиын кезеңнің туындауы, ұрыс-керіс, кең көлемде қадағаламау бала психологиясының дамуына айтарлықтай әсер тигізеді.

Қазақстан Республикасында аталған мінез-құлықты адамдарды оңалтуға арналған психологиялық бағдарламалар қаралмаған. Кәмелетке толмағандар мен жасөспірімдер арасындағы қылмыстылық пен құқық бұзушылықтың алдын алуға қажетті психологиялық тұрғыдан әсер ету тұжырымы, реттеуші бағдарламалар да жоқ. [3, 123 б] М.А.Алемаскин бұл мәселені педогогтар, психологтар, заң қызметкерлері толық негізде зерттеуі қажет дейді, және заңды бұзушыларды тәрбиелеудің психологиялық негізі, бұзақылық жасап, өрескел қылық көрсеткен балалардың қылмыстық психологиясы жөнінде кең түсінік берген. Сондай-ақ бұл тұрғыда А.Б.Сахаров, Е.А. Копыстынскийдің еңбектерін атауға болады. Жас заң бұзушыларды түзетуде рухани психологиялық ерекшеліктерді ажыратып, тәрбиелеудің үйлесімді жағдайын, әдісін анықтау қиын болса да оған аса көңіл бөлуді жөн санаймын. Кәмелетке толмағандарға әсер ету үшін оның отбасының әр мүшесіне қатысты шаралар ұйымдастырып, оны жүзеге асыра келе, жаппай қоғамда қылмыстық саясатпен қоса әлеуметтік саясатты жүзеге асыруды қажет етеді. [4, 110 б]

Нашақорлыққа көбінесе жасөспірімдер шалдығады, алайда осы кезеңде ересектер арасында да ескірткіге әуестенетіндер көбейіп келеді.

Жастардың арасында есірткіге әуестік көп ретте білместіктен басталады. Жасөспірімдер қоршаған ортасының кері әсеріне иланғыш келеді. Олар жас

болғандықтан қоршаған ортаның әр сипатты әрекетіне адам ойына келмейтін жауап қайтарады. Өз іс-әрекетінің салдарын дұрыс болжамау, жеңілтектік, жан-дүние, мінез-құлық пен дүниетанымның толық қалыптаспағандығы, иланғыштық, кері әсерге еліктеушілік алғаш рет спирт ішімдіктері мен есірткінің дәмін көруді тудыратын себептер. Жасөспірімдер өздерінің ержүректігін, дербестігін танытуға болатын топтар мен ұйымдарға бірігеді. Мұндай топтар үй жақта, би алаңдарында, мектепте де ұйымдасады және топ ішінде алғашқы "тексерістер" болып өтеді. Топтық психология, еліктеушілік, ермелік топ ішінде біреуі есірткі немесе шарап дәмін татқан болса, уақыт өткен соң топтың барлық мүшелері есірткі мен алкогольге әуестенуге соқтырады. Бұзақылар арасына түсудің де себептері көп. Бұл отбасындағы кикілжің де, ата-аналардың, мұғалімдердің бала бос уақытын қалай өткізетініне назар аудармауы да, тіпті баланың қолында артық ақшаның жүруі де болуы мүмкін. Кеш болысымен жиналатын жасөспірімдер музыка тыңдап, бейне таспаларын көріп немесе көше кезіп уақыт өткізеді. Ал бұл болса адамның ішін пыстырады. Қазір спорт, музыка, өнер мектептерінде оқу қымбат, барлық ата-ананың қаржысы жете бермейді. Сөйтіп күндердің күнінде топқа бұрын есірткінің дәмін татқан "білгіш" қосылады. Бір ерекшелігі нашакорлар басқаларды есірткіге әуестендіру әрекетін әдейі жасайды. Өйткені нашакор еңбек етуге дәрмені жоқ адам, ол есірткі сатып алуға қажетті ақша іздейді де жүреді. Нашакор қаражатты ұрлықпен табудан басқа амалын білмейді, ал ұрлық әрдайым жазасыз болмайды. Сондықтан нашакор ата-анасы ауқатты жасөспірімдерді есірткіге әуестендіруге, соның арқасында өзінің "қамын" ойлауды мақсат етеді. Нашакордың жасөспірімдер тобына қосылуының себебі де сол. Ол алдымен наша шегуді немесе ес ауыстыратын дәрі ішуді ұсынады. Еліктегіш жастар дәм тата бастайды. Олардың бірі қызық көруді қаласа, екіншісі басқалардан қалмауды, тағы бірі өзін ересек көрсетуге тырысуды, ендігі біреуі бар қиындықтан қашып, ләззат аламын дейді. Бара-бара жасөспірім нашакорға, есірткінің құлына айналады.

Есірткінің ерекшелігі сол, адам оған бір-ақ рет дәмін татқаннан кейін әуес болып қалады. Міне, адамдардың нашакор болуы себептерінің бірі сонда жатыр. Танысы, бір рет дәмін татсаң немесе иіскесең, шексең нашакор болмайсың, қиындықтардың барлығын ұмытасың, ләззат аласың, жаның тыныштық табады деген арбау сөздерімен нашакорлық жолына тартады. Ал әлеуметтік қиындықтардан, отбасындағы ұрыс-керістен, жұмыссыздықтан немесе қызметіндегі жанжалдан шаршаған азамат қиындықтан аз уақытқа болса да "қашып кетуді" ойлап, есірткінің дәмін татады да, нашакор санатына қосылғанын білмей қалады.

Есірткі тұтынушының, мейлі ол тек марихуана шеккеннің өзінде жасы ұзаққа созылмайды. Марихуана шегетіндердің ең алдымен өкпесі қабынады, бронхит, одан әрі өкпе рагі дамиды да адам өлімге дайындалады. Соңғы кезде ғалымдар марихуананың бауыр мен жүрекке де кері әсері бар екенін дәлелдеді. Ал осы есірткі түрінің миға кері әсерінің салдарынан адамның жаттауға қабілеті нашарлап, ұмытшақ етеді.

Марихуана шегушілердің басқалармен қарым-қатынас жасауға құлқы болмайды. Есірткінің опиат тобындағы түрлерін қолдану нашакорлар арасындағы өлімнің және мүгедектің басты себебі болып табылады. Опиатты есірткілерді (морфин, героин, кодеин, метадон) және басқалары ең алдымен ине шаншу арқылы қолданады. Сондықтан

оларды қолдану кезінде ең қауіпті аурулар — СПИД, сифилис және гепатит жұқтыру мүмкіндігі күрт жоғарылайды. Есірткі тұтынушылардың көбісі осы үш аурумен ауырады. Гепатит, оған қоса есірткі заттармен улану бауырдың дистрофиясына алып келеді де, адам мүгедек болып қалады. Көкнәр шикізатын ацетон, бензол, толуол, уксус ангидридi секiлдi органикалық ерiткiштермен өндейтiндiктен қолданылатын есірткiде олардың 5% қалады. Есірткі қанда қалады да, ерiткiш заттар бауырды күйдiрiп, сонда шөгедi. Әрине, нашақор есірткі қолданып жүргенде оны байқамайды, ол есірткімен уланған кезінде ауыртпалықты сезбейдi. Есірткі тұтынушы өзiнiң мүгедектiгiн тек екi жағдайда байқайды: өзi ірiндеп, шiри бастағанында немесе нашақорлықтан емделiп, есi орнына келген кезде. Органикалық ерiткiштер мен уксустiк ангидридтен тек қана бауыр емес жүрек, ми, өкпе де зардап шегедi. [5, 78 б]

Адам нашақорлыққа қандай жолдармен келедi. Жасөспiрiмдер арасында нашақорлыққа салынуға бейiм жағдайлар мынадай:

- ата-ананың баласын тәрбиелеуге уақытынын болмауы, жасөспiрiмнiң үйден тыс өмiрiн қадағаламауы;

- отбасы мүшелерiнiң бiрi арақ-шарап iшуi немесе есірткi қолдануы;

- әкесi мен шешесiнiң жиi жанжалдасуы;

- ата-ананың бiрi бала тумай тұрғанда

- маскүнем немесе нашақор болуы;

- отбасы мүшелерiнiң бiр-бiрiне деген сүйiспеншiлiктiң болмауы, отбасындағы түсiнiспеушiлiктiң орын алуы;

- мектепте мұғалiмдердiң нашақорлық мәселелерiне көңiл бөлмеуi, жасөспiрiмдер арасында түсiндiру жұмыстарын жүргiзбеуi;

- достарының арасында нашақорлардың бар болуы;

- өзiнен жасы үлкен достарынын жетегiнде жүруi;

- алкоголь мен есірткiге қол жеткiзудiң оңай болуы;

- әлеуметгiк-экономикалық жағдайының төмендiгi.

Ал ендi жастарды есірткiден қалай қорғап қалуға болады? Қазiргi жастар тез өсiп, дене бiтiмi тез жетiледi. Алайда олардың сана-сезiмi мен дүниетанымы әлi де болса балалықтан асып кете алмайды. Бiздiң айналамызда еңгезердей балақайлар жиi кездеседi. 9-12 жасар балалар есірткiге сирек әуес болады. Олардың әуестендiру әдейi жасалған әрекет бол-маса, бұл жастағылар темекi шегудi де мәртебе санайды. Олардың кейбiреулерi шарап та iшедi. Тоғыз-он екi жасарлар үй жақта немесе мектепте арзан улы химикаттарды иiскеуi мүмкiн. Сондықтан ата-ананың мiндетi осы жастағы балаға көбiрек көңiл бөлiп, темекi, спирттiк iшiмдiк және есірткiнiң зияны туралы жиi айту. Мұндай әңгiмелер iш пыстыр-майтын болғаны абзал және де бостан бос миды ашытпай, жәй айтып қана қоймай, мысал да келтiру қажет.

Есірткімен күресті ең алдымен мектеп қабырғасынан бастауымыз керек. Егер бала оның зияны мен азабы туралы хабардар болса, және оның шынымен де өте күрделі, қиын мәселе екендігіне көзін жеткізе білсек, сонда ғана балаларымызды сақтандыра алдық деуімізге болады. Әрине, есірткінің таралу жолына өте қатаң тыйым салу мен жазалау жүйесін қарсы қоюға болады. Бірақ, қоғам мүшелері тұрғысынан сұраныс болған жағдайда, оны тіпті өлім жазасымен де тосқауылдай алмайсың. Демек, ең алдымен сұранысты азайтуымыз керек. Баланы тек үркітіп-қорқытпай, оның саналы түрде есірткіден бас тартуына жағдай жасау керек.

Соңғы кездегі есірткі құралдарының қомақты көлемдегі тасымалдарының, ашылуына құқық қорғау органдарының осы қылмысқа тойтарыс беруге күш жұмылдырып, есірткі құралдарын тасымалдау жолдарын бөгеу, есірткі бизнесімен күрес криминалдық полиция қызметкерлерінен құрылған арнаулы топтармен мезгіл тексерулер өткізу мүмкіндік жасады, Есірткі құралдарына заңсыз айналымына қарсы күрес күшейтіліп, қылмыстылар жазасын алғанымен, бұл қауіпті дертке шалдығып, айналасындағыларды қайғы -қасіретке душар ететін адамдар саны азаймай отырғанын да айтпай кетпеске болмайды.

Мамандардың айтуына қарағанда, есірткіні тасымалдауға негізінен арзан қол адамдарды жалдайтын көрінеді. Дегенмен, есірткі қылмысын ашуда құқық қорғау органдарының белсенділігі төмен. Атап өтетін бір мәселе, осы қылмысты ашу үстінде негізінен есірткіні сақтаған және тасымалдаған ұсталады да, қолданушылармен, өткізушілер белгісіз болып қалады. Есірткіні тарату күрделі мәселелердің бірі. Географиялық жағынан қолайлы орналасқан Қазақстан Шығыстан Батысқа тасымалданатын есірткінің нақ жеріне айналған. Сондықтан құқық қорғау органдары бұл мәселеге үлкен жауапкершілікпен қарауда.

Қорыта келе мен есірткі және психоторопты заттар бизнесімен күресте мына шаралар шұғыл түрде шешімін табу керек деген ұсыныс жасап отырмын:

Заңсыз есірткімен күресте мамандарды құқық қорғау орындары мен арнайы оқу мекемелерінде қайта дайындықтан өткізу, “психиатр-нарколог” мамандығы бойынша кадрлар дайындау.

Нашақорлық дертіне шалдыққандарды емдеу және қатарға қосу жұмыстарының сапасын жақсарту. Елді мекендерде жабылып қалған наркологиялық диспансерді қайта ашу.

Мектептер мен кәсіби мамандық беретін барлық оқу орындарында нашақорлыққа қарсы әлеуметтік-иммунитеті қалыптастыратын арнайы бағдарлама қабылдау.

Есірткіні шекарадан алып өту, тарату бойынша қылмыстық жауапкершілікті қатайту. Әлемдік тәжірибиеге сәйкес наркологиялық қызметті түп-тамырымен жаңғырту.

Еліміздің президенті, Қазақстан Үкіметі мен Парламенті соңғы жылдары осы мәселеге байланысты бір қатар шаралар қолданды. Бірқатар конституциялық заңдар қабылданды, басқа да нормативтік актілер мен бағдарламалар жасалды, алайда әлі көптеген жұмыстар атқаруға тура келеді. Ең алдымен, қауымдастықтың позитивті

күштерін есірткіні заңсыз айналымға енгізу облысында ғана күресуге қолданып қоймай, сонымен бірге демократиялық құқықтық мемлекеттің идеологиялық базасы негізінде тұрғындардың салауатты өмір салтын қалыптастыруға да жұмсау қажет.

Жақында арада ғана Н.Ә. Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты халыққа жолдауында «Қазақстан – жас, көп ұлтты, болашағына сенімді және қарқынды дамып келе жатқан мемлекет! Біз тәуелсіз Қазақстанның 25 жылдық даму жолынан өттік. Алдағы 25 жылда бұдан да биік белестер күтіп тұр. Мемлекет құру жолында теңдессіз, мол тәжірибе жинап, жаңа кезеңге қадам басып отырмыз. Алдымызда қандай қиындықтар кездесе де, оларды еңсереалатынымызға сенімдімін. Біздің басты күшіміз – бірлікте» – деген жалынды сөздері дәлел болаалады. [6].

Олай болса жас мемлекетіміздің жас өрені әлгіндей теріс қылықтардан аулақ болуы үшін күресейік, ағайын!

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Романова Л.И. Наркомания и наркотизм. - СПб.: Юрид. центр Пресс, 2003. – 481 с.
2. Қазақстан Республикасының екіжақты халықаралық шарттары http://www.mfa.gov.kz/#!/kazakstanniyin_syirtkyi_sayasyi/sharttyikykyikyiky_bazasyi/kazakstan
3. Борчашвили И.Ш., Әбдіров Н.М., Ағыбаев А.Н. Қылмыстық құқық (ерекше бөлім). – Алматы, 2014.
4. Хамметова Ж. А. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҒЫЛЫМЫ МЕН ӨМІРІ №1 (54) 2018. 110б.
5. Бекежанов, Д. Н. Есірткі, жүйкеге әсер ететін зиянды заттарды құқықтық реттеудің мәселелері [Текст] / Д. Н. Бекежанов // ҚазҰУ хабаршысы. Заң сер. Вестник КазНУ. Сер. юридическая. 2016. №1. С. 7780. (Қылмыстық құқық және криминалистика.)
6. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2018 жылғы 10 қаңтар «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» <http://www.akorda.kz>.